

«Жанұялық медицина» мамандығының резидентурасына түсуге арналған сұрақтар Тізімі

Адам ағзасының барлық жүйелерінің жетекші синдромдарының анатомиялық-патанатомиялық-патофизиологиялық сипаттамаларынан базалық білімін анықтау

1. Тыныс жүйесінің жетекші синдромдарын тізіп шығыңыз. Өкпе тінінің тығыздалу синдромының патоморфологиялық сипаттамасын беріңіз, осы синдромның әртүрлі нозобіріліктердегі ерекшеліктерін жазыңыз (ауруханадан тыс, нозокомиаль, ЖИТС пневмониялар, инфильтрациялық туберкулез, өкпе обыры).
2. Тыныс жүйесінің жетекші синдромдарын тізіп шығыңыз. Бронх өткізгіштігінің бұзылу синдромының патоморфологиялық белгілерін сипаттаңыз, осы синдромның әртүрлі нозобіріліктердегі ерекшеліктерін жазыңыз (созылмалы жәй бронхит, БА, ӨСОА, ГЭРА).
3. Қанайналым жүйесінің жетекші синдромдарын тізіп шығыңыз. Коронарогенді кардиалгияларда миокардта орын алатын патоморфологиялық бұзылыстарды сипаттаңыз: ангиналық (сығу, “тарылу”) синдром, жіті коронарлық синдром, ангинозды статус.
4. Қанайналым жүйесінің жетекші синдромдарын тізіп шығыңыз. Коронарогенді кардиалгиялардың клиникалық ерекшеліктерін сипаттаңыз: ангиналық (сығу, “тарылу”) синдром, жіті коронарлық синдром, ангинозды статус.
5. Жүректің өткізгіш жүйесінің анатомиясы. Өткізгіштіктің бұзылу синдром, блокадалардың (блоклардың) жіктемесі.
6. Қанайналым жүйесінің жетекші синдромдарын тізіп шығыңыз. Митраль, аорталық ақаулардың патофизиологиясын сипаттаңыз (патогемодинамикасын).
7. Қанайналымның кіші шеңберінің анатомиясы мен физиологиясы. Сол қарыншалық жіті шамасыздықтың патоморфологиясы: өкпенің интерстицийлік және альвеолалық ісінулері.
8. Қанайналымның үлкен шеңберінің анатомиясы мен физиологиясы. Порталық гипертензияның даму механизмі мен патоморфологиясы (гепатомегалия, бауырдың кардиаль фиброзы, асцит, порта жүйесі веналарының варрикозды кеңеюі).
9. Қанайналымның үлкен шеңберінің анатомиясы мен физиологиясы. Аяқтарының іркілістік ісінуінің, іркілістік нефропатияның, іркілістік энтеропатияның даму механизмі мен патоморфологиясы
10. Гастроэнтерологияның жетекші синдромдарын тізіп шығыңыз. Түрлі этиологиялық гастриттер мен асқазан жарасындағы жетекші синдромдардың патоморфологиялық сипаттамаларын беріңіз.
11. Гастроэнтерологияның жетекші синдромдарын тізіп шығыңыз. Мальдигестия, мальабсорбция синдромдарының егжей-тегжейлі патофизиологиялық сипаттамаларын беріңіз.
12. Гастроэнтерологияның жетекші синдромдарын тізіп шығыңыз. Жаралы колит және Крон ауруының патоморфологиялық синдромдарына сипаттамалар беріңіз.
13. Гепатологияның жетекші синдромдарын тізіп шығыңыз. Гепатиттер мен бауыр цирроздарының жетекші патоморфологиялық синдромдарына сипаттамалар беріңіз.
14. Бүйрек анатомиясы мен физиологиясы. Бүйректің қызметтік бірлігінің құрылымын сипаттаңыз (нефрон, өзекшелер, т.б.). Нефрологияның жетекші синдромдарын тізіп шығыңыз. Фльтрациялық және концентрациялық қызметтердің бұзылыстарын нақты дәлелдейтін синдромдарды топтастырыңыздар.
15. Эндокрин жүйесінің анатомиясы мен физиологиясы. Тиреоидологияның жетекші синдромдарын тізіп шығыңыз. Эндемиялық жемсаудағы, ДТЗ, тиреоидиттердің жетекші синдромдарының патоморфологиялық сипаттамаларын беріңіз.
16. Эндокрин жүйесінің анатомиясы мен физиологиясы. Тиреоидологияның жетекші

синдромдарын тізіп шығыңыз. Гипотиреоз, гипертиреоздың егжей-тегжейлі патофизиологиялық сипаттарын беріңіз.

17. Эндокрин жүйесінің анатомиясы мен физиологиясы. Диабетологияның жетекші синдромдарын тізіп шығыңыз. Диабеттердегі көмірсу алмасуы бұзылыстарының егжей-тегжейлі патофизиологиялық сипаттарын беріңіз.

18. Гематологияның жетекші синдромдарын тізіп шығыңыз. Қан формалық элементтерінің және сүйек миының түрлі анемиялардағы патоморфологиялық, патофизиологиялық сипаттамаларын беріңіз.

19. Қимыл-тірек аппаратының, дәнекер тінінің анатомиясы. Жетекші синдромдары. ЖҚЖ, ЖСД, жүйелі васкулиттердегі полиоргандық зақымдану синдромы.

Ішкі аурулар мен балалар ауруларынан нозологиялық бірліктерді білу деңгейін анықтау

1. Бронхтық астманың анықтамасы. БА GINA ұсыныстарымен жіктелуі (5 деңгейлері/сатылары).
2. Балалар мен ересектерде БА ағымын деңгейлеріне тәуелді бақылау.
3. СОА GOLD ұсыныстарымен жіктелуі. Әр категориясының критерийлері.
4. Ауруханадан тыс пневмониялардағы госпитализацияға көрсетпелер. Асқынулары. ИТШ тактика
5. ӨАТЭ (ТЭЛА), ЖТ дәрігер тактикасы.
6. ЖИА жіктелуі. Қабылдау бөліміне тоқтамай, тікелей госпитализациялауға жататын ЖИА клиникалық түрлері.
7. МСАК дәрігерінің ЖКС тактикасы.
8. Сол қарыншалық жіті шамасыздық (ОЛЖН), ересектер мен балаларға жүректік астмадағы, өкпенің альвеолалық ісінуіндегі МСАК жағдайларындағы алғашқы дәрігерлік көмек.
9. Ересектер мен балалардағы жүрек ырғағының шұғыл көмекті қажет ететін бұзылыстары, МСАК дәрігерлерінің ҚПТ, қарыншаүстілік ПТ, ЖФ пароксизмдеріндегі тактикасы.
10. НР ассоциацияланған гастриттер мен асқазан және 12 е/і жара аурулары. Маастрихт ұсыныстарымен эрадикациялау принциптері.
11. ГЭРА. Жетекші синдромдары: өңештік және өңештен тыс. ГЭРА басқару бағдарламасы.
12. Ересектер мен балалардағы жіңішке ішек және жуанішектік диареялар, клиникасы. Тітіркенген ішек синдромы (СРК).
13. Ересектер мен балалардағы гепатиттер мен бауыр циррозының клиникасының ерекшеліктері (синдромдармен).
14. Панкреатиттердің жетекші синдромдары. Ауруды басқару бағдарламасы.
15. Буындық синдромдар: механикалық және қабынулық. Ересектер мен балалардағы қабынулық буындық синдроммен сипатталатын нозобірліктер. Ересектер мен балалардағы механикалық буындық синдроммен сипатталатын нозобірліктер.
16. Ересектер мен балалардағы дәнекер тінінің дерттері. Жіктелуі.
17. Сидеропения синдромы. Теміртапшылықты анемия. Витамин В-12 дефициттік және фолий-дефициттік анемиялар. Ересектер мен балалардағы диагноздық критерийлері.
18. Сарғаю. Нәрестелер сарғаюя. Ересектер мен балалардағы гемолиздік анемиялар .
19. Миело-, лимфопролиферациялық синдромдар. Жіті лейкоздар. Созылмалы лейкоздар.
20. Бүйректің созылмалы аурулары (ХБП). АГ (нысана орган), қантты диабеттегі, гломерулонефриттердегі бүйректердің зақымдану ерекшеліктері
21. Несеп жолдарының инфекциясы (ИМП). Тынжы-тас ауруы. Диагноздық

критерийлері.

22. Рахиттің жүктілікке дейінгі, жүктілік кезінде, балалардағы алдын алуы. Бала жасындағы дерттерді интеграциялық жүргізу (ИВБДВ) (2 айға дейін, 2 айдан 5 жасқа дейін).
23. Балалар мен ересектердегі семіздік. Алиментар және дертті-морбiлік (morb-us).
24. Балалардағы құрысу жағдайлары.
25. Тұмау және басқа ЖРВИ. Балалардағы және ересектердегі ауа-тамшылы жұқпалар (қызылша, қызамық, желшешек, паротиттер).
26. Туберкулез. Балалар мен ересектердегі өкпеден тыс туберкулез.